



тоқсан сайын шығатын

# Ақ Желең

кәсіби медициналық тәжірибелік және әдеби журнал

№1/05/2016



тоқсан сайын шығатын

# Ақ Желең

кәсіби медициналық, тәжірибелік және әдеби журнал

Меншік иесі-«Ақтөбе медициналық колледжі» МКҚК

Собственник-ГККП «Актюбинский медицинский колледж»



ҚР Инвестициялар және даму министрлігі  
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат  
комитетіне 26.12.2014ж. тіркеліп, журналға  
№ 15040-Ж куәлігі берілген

Свидетельство о постановке на учет  
№ 15040-Ж от 26.12.2014г. выдано Министерством  
по инвестициям и развитию Республики Казахстан,  
Комитетом связи, информатизации и информации

**Бас редактор:** м.ғ.д., доцент М.Х. КУЗБАКОВ  
**Бас редактордың орынбасары:** І.Е. ТАЖГУЛОВА

**Главный редактор:** к.м.н., доцент М.Х. КУЗБАКОВ  
**Заместитель главного редактора:** И.Е. ТАЖГУЛОВА

**Редакциялық ұжым:**

Н.І. ЕСЕНҒАЗЫ  
Г.Ш. САҒНАЕВА  
А.С. НАУРУЗБАЕВА  
Г.А. КУЛЬДЕЕВА

**Редакционная коллегия:**

Н.И. ЕСЕНҒАЗЫ  
Г.Ш. САҒНАЕВА  
А.С. НАУРУЗБАЕВА  
Г.А. КУЛЬДЕЕВА

**Редакциялық кеңес:**

Е.В. ГОРШЕНИНА - (Ресей)  
С.Қ. МҰРАТБЕКОВА - м.ғ.д., профессор (Көкшетау)  
С.В. ПЫЛАЕВ - (Ресей)  
Қ.Қ. САБЫР - м.ғ.д., профессор (Ақтөбе)  
С.Т. СЕЙДУМАНОВ - м.ғ.д., профессор (Алматы)  
Н.М. ШУМБАЛОВ - (Батыс Қазақстан облысы)

**Редакционный совет:**

Е.В. ГОРШЕНИНА - (Россия)  
С.К. МУРАТБЕКОВА - д.м.н., профессор (Кокшетау)  
С.В. ПЫЛАЕВ - (Россия)  
К.К. САБЫР - д.м.н., профессор (Актөбе)  
С.Т. СЕЙДУМАНОВ - д.м.н., профессор (Алматы)  
Н.М. ШУМБАЛОВ - (Западно-Казахстанская область)

**Корректорлар:**

М.С. АБИТОВА  
Р.Б. ЖАЗЫКОВА  
Г.Н. ИЛЬЯСОВА

**Корректоры:**

М.С. АБИТОВА  
Р.Б. ЖАЗЫКОВА  
Г.Н. ИЛЬЯСОВА

**Бетті көркемдеп, қаттаған:** И.Д. КУЛМУРИНОВА

**Дизайн и верстка:** И.Д. КУЛМУРИНОВА

**Редакцияның және баспахананың мекен-жайы:**

463022, Ақтөбе қ., Шернияз к., 18  
Телефон: 8 7132 - 90 - 67 - 32  
E-mail: info@akzhelen.kz

**Почтовый адрес редакции и типографии:**

463022, г.Актөбе, ул.Шернияз, 18  
Телефон: 8 7132 - 90 - 67 - 32  
E-mail: info@akzhelen.kz

Мұқабаның бірінші бетінде Ү.Набиева (33-35 бет)  
Шыққан күні: 4 наурыз 2016 жыл  
Таралымы: 500 дана  
Тапсырыс: № 0000002

На обложке журнала У.Набиева (33-35 стр)  
Дата выпуска: 4 март 2016 год  
Тираж: 500 экз.  
Заказ: № 0000002

1.	І.Тәжіғұлова <b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МЕМОРАНДУМ</b> .....	4
	И.Тажиғұлова <b>ИНВЕСТИЦИОННЫЙ МЕМОРАНДУМ</b> .....	4
	I.Tazhigulova <b>INVESTMENT MEMORANDUM</b> .....	4
2.	М.Рахатқызы <b>ТАРИХИ КҮН</b> .....	5
	М.Рахатқызы <b>ИСТОРИЧЕСКИЙ ДЕНЬ</b> .....	5
	M.Rakhatkyzy <b>HISTORICAL DAY</b> .....	5
3.	З.Алипова <b>АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА МЕЙІРБИКЕЛІК ІСТІ ДАМУЫ ЖАЙЫНДА</b> .....	8
	З.Алипова <b>О РАЗВИТИИ СЕСТРИНСКОГО ДЕЛА В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ</b> .....	8
	Z.Alipova <b>ON THE DEVELOPMENT OF THE NURSING AFFAIR IN THE AKTOBE REGION</b> .....	8
4.	Г.Ильясова <b>ҚОЛЫММЕН КӨРЕМІН, СЕЗЕМІН</b> .....	11
	Г.Ильясова <b>ЗРЯЧИЕ РУКИ</b> .....	11
	G.Ilyasova <b>I SEE AND FEEL WITH MY HANDS</b> .....	11
5.	І.Алмас <b>АҚЫЛДЫҢ КЕНІ-АҚЖЕЛЕН</b> .....	12
	И.Алмас <b>АҚЖЕЛЕН</b> .....	12
	I.Almas <b>AKZHELEN</b> .....	12
6.	А.Шакиржанова <b>ТАЛАПҚА САЙ МЕЙІРБИКЕ</b> .....	15
	А.Шакиржанова <b>КОНКУРЕНТОСПОСОБНЫЙ СПЕЦИАЛИСТ</b> .....	15
	A.Shakirzhanova <b>COMPETITIVE SPECIALIST</b> .....	15
7.	Г.Терекева, А.Қалауова <b>ШАТАЛОВ ТЕХНОЛОГИЯСЫН АРНАУЛЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ</b> .....	16
	Г.Терекева, А.Қалауова <b>ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТЕХНОЛОГИИ ШАТАЛОВА В ОБУЧЕНИИ СПЕЦПРЕДМЕТОВ</b> .....	16
	G.Terekova, A.Kalauova <b>THE USE OF SHATALOV'S TECHNOLOGY IN TEACHING SPECIAL SUBJECTS</b> .....	16
8.	К.Қопаева <b>ЕЛБАСЫНА АЛҒЫС</b> .....	19
	К.Қопаева <b>БЛАГОДАРНОСТЬ ПРЕЗИДЕНТУ</b> .....	19
	K.Kopaeva <b>GRATITUDE TO THE PRESIDENT</b> .....	19
9.	І.Алмас <b>АДАСПАЙ ТАПҚАН АРМАН</b> .....	20
	И.Алмас <b>НЕ ЗАБЛУДИВШАЯСЯ МЕЧТА</b> .....	20
	I.Almas <b>FOUND DREAM</b> .....	20
10.	С.Алимбаев <b>САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА – ТҮРҒЫНДАР ҚАУІПСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНЫҢ КЕПІЛІ</b> .....	22
	С.Алимбаев <b>САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКАЯ ЭКСПЕРТИЗА – ОСНОВА БЕЗОПАСНОСТИ БЛАГОПОЛУЧИЯ НАСЕЛЕНИЯ</b> .....	22
	S.Alimbaev <b>SANITARY EPIDEMIOLOGICAL EXAMINATION IS A BASIS OF SECURITY OF PEOPLE'S WELLBEEING</b> .....	22
11.	А.Ордабаева <b>ИННОВАЦИЯ: МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МЕН ЕМДЕУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ</b> ..	24
	А.Ордабаева <b>ИННОВАЦИЯ: ИНТЕГРАЦИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ И ЛЕЧЕБНЫХ УЧРЕЖДЕНИЙ</b> .....	24
	A.Ordabaeva	

	<b>INNOVATION: INTEGRATION OF MEDICAL AND EDUCATIONAL INSTITUTIONS</b> .....	24
12.	М.Тарасова <b>БАЛА МҮГЕДЕКТИГІ - ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ</b> .....	25
	М.Тарасова <b>ПРОБЛЕМА ДЕТСКОЙ ИНВАЛИДНОСТИ</b> .....	25
	М.Tarasova <b>PROBLEM OF CHILDREN'S DISABILITY</b> .....	25
13.	І.Алмас <b>ЖЫЛДЫҢ ЕҢ ҮЗДІК МЕЙІРБИКЕСІ</b> .....	26
	И.Алмас <b>МЕДСЕСТРА ГОДА</b> .....	26
	I.Almas <b>THE BEST NURSE OF THE YEAR</b> .....	26
14.	І.Алмас <b>АЙНАЛАЙЫН АПАМ-АЙ!</b> .....	29
	И.Алмас <b>ДОРОГАЯ СЕСТРА!</b> .....	29
	I.Almas <b>DEAR SISTER!</b> .....	29
15.	Р.Разина <b>«ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ» ДИСПЕТЧЕРІ</b> .....	31
	Р.Разина <b>ДИСПЕТЧЕР «СКОРОЙ ПОМОЩИ»</b> .....	31
	R.Razina <b>CONTROLLER OF AMBULANCE</b> .....	31
16.	І.Тәжіғұлова <b>ҮМІТТІ АҚТАҒАН ҮМІТ</b> .....	33
	И.Тажигулова <b>ОПРАВДАВАШАЯ НАДЕЖДЫ</b> .....	33
	I.Tazhigulova <b>JUSTIFIED DREAMS</b> .....	33
17.	Г.Ильясова <b>ЕҢ МЕЙІРІМДІ МЕЙІРБИКЕ</b> .....	36
	Г.Ильясова <b>МИЛОСЕРДНАЯ СЕСТРА</b> .....	36
	G.Ilyasova <b>THE kindest nurse</b> .....	36
18.	Г.Ильясова <b>МЕН ТАҢДАҒАН ЖОЛ</b> .....	37
	Г.Ильясова <b>МОЙ ПУТЬ</b> .....	37
	G.Ilyasova <b>MY WAY</b> .....	37
19.	І.Тәжіғұлова <b>БАЛА ЖАНЫНЫҢ БАҒБАНЫ</b> .....	39
	И.Тажигулова <b>ПОКОРИТЕЛЬ ДЕТСКИХ СЕРДЕЦ</b> .....	39
	I.Tazhigulova <b>THE WINNER OF CHILDREN'S HEARTS</b> .....	39
20.	І.Тәжіғұлова <b>ТОЛҚЫНДА ТУҒАН ТОЛҚЫН</b> .....	41
	И.Тажигулова <b>РОЖДЕННАЯ НА ВОЛНАХ</b> .....	41
	I.Tazhigulova <b>BORN ON THE WAVES</b> .....	41
21.	Г.Бердигалиева, А.Токсанбаева, А.Лекерова <b>ДЕСТРУКТИВТІ АҒЫМДАРДАН ЖАСТАРДЫ ҚОРҒАУ КЕРЕК</b> .....	43
	Г.Бердигалиева, А.Токсанбаева, А.Лекерова <b>НАДО ЗАЩИТИТЬ МОЛОДЕЖЬ ОТ ДЕСТРУКТИВНЫХ ТЕЧЕНИЙ</b> .....	43
	G.Berdigalieva, A. Toksanbaeva, A.Lekerova <b>PREVENTING THE YOUTH FROM DESTRUCTIVE TENDENCY</b> .....	43

## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МЕМОРАНДУМ



Түрік компаниясы Ақтөбе қаласында Орталық жедел дәрігерлік жедел-жәрдем кешенін салатын болды. Түбі бір туысқан елдің «Hemogens Health Care» компаниясы стансаның заманауи келбеттегі ғимаратын тұрғызып, оны инновациялық медициналық бірегей құралдар-жабдықтармен және көлікпен қамтамасыз етуге 5,5 млрд теңге бөлуге әзір. Ақтөбе облысының әкімдігі түрік компаниясымен арадағы келіссөз барысында осындай уағдаластыққа қол жеткізді.

«Hemogens Health Care» компаниясы жетекшісімен өткен кездесуде облыс әкімі Бердібек Сапарбаев Ақтөбе аймағындағы соңғы 5 жылда қазіргі заман талаптарына сай келетін 52 денсаулық сақтау нысаны салынғанын айтты. Сонымен бірге басшының назарынан 53 нысанның күрделі жөндеуден өткізілгені де тыс қалған жоқ. Медициналық емдеу-сауықтыру және қалпына келтіру мекемелерінің материалдық-техникалық базасының айтарлықтай жақсарғаны да сөз болды. Әсіресе, қатерлі ісік ауруына ұшыраған науқастарға желілік жеделдеткіш сияқты бірегей жабдықтар алынып, жұмыс оңтайланды, емдеу ісі жақсарды. Жүрек –қан тамырлары ауруының алдын алу және емдеу үшін электрофизиологиялық зертхана тұрғызылды. Көз микрохирургиясына қажетті офтальмологиялық жабдықтар жеткізілді. Ал, бұл заманауи құрал-жабдық, қондырғылар өз кезегінде облыстағы халық денсаулығы қызметінің сапасын арттыруға мол мүмкіндік туғызды.

*I.Тәжігүлова*

### SUMMARY THE CENTRAL STATION OF AMBULANCE IN AKTOBE

The Turkish company will construct the central station of ambulance in Aktobe. The 'Hemogens Health Care' company is ready to enclose in its construction and unique equipment and transport of 5,5 billion tenges. The authority of Aktobe region came to such arrangement during negotiations with Turkish company. During the meeting with the management of 'Hemogens Health care' Berdybek Saparbayev had noticed, that over the last 5 years there was constructed 52 health care facilities meeting the modern requirements and in 53 are carried out rebuilding. Work on improvement of material base of medical institutions is conducted, in particular, there was bought the unique equipment, such as the linear accelerator for oncologic patients, electrophysiological laboratory for patients with disturbance of a rhythm of heart, the ophthalmologic equipment for a microsurgery of eyes, that allowed to bring region medicine to higher qualitative level.



*I.Tazhigulova*

## ТАРИХИ КҮН

Ақтөбе облысының денсаулық сақтау саласы халықаралық деңгейге көтерілді. Бұл — медицина ғылымының докторы, профессор Жақсылық Досқалиевтің берген бағасы. Профессордың айтуынша, медицинаның дамуы сол аймақтағы трансплантология саласының дамуымен байланысты. «Ақтөбеде трансплантология ісі бір жүйеге түсіп келеді, бұл осы аймақтың денсаулық сақтау саласының халықаралық деңгейге көтерілгендігінің айғағы», — деді Ж.Досқалиев.



Ақтөбеде бейсенбі күні алғаш рет бауыр ауыстыру операциясы жүргізілген болатын. Ал кеше Оңтүстік Кореядан келген профессор Kwang Woong Leedің, профессор Жақсылық Досқалиевтің қатысуымен арнайы брифинг өткізілді. Жиынға облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әсет Қалиев, облыстық



*Kwang Woong Lee*



*Жақсылық Досқалиев*

аурухана басшысы Самат Данияров, Оңтүстік Кореядан келген дәрігерлер тобы және жергілікті медицина қызметкерлері қатысты. 2016 жылдың 28 қаңтары — Ақтөбенің ғана емес, Қазақстанның батыс өңірінің медицинасының тарихына жазылатын күн. Бұл күні трансплантологияның ең күрделі бағыты — бауыр ауыстыру операциясы жүргізілді. Жалпы, адам ағзасын ауыстырып салу тәжірибесі өңірде 2014 жылы басталған болатын. Ол жылы да профессор Жақсылық Досқалиевтің басшылығымен алғаш рет бүйрек ауыстыру отасы жүргізілген-ді. Былтыр жергілікті

мамандар 7 бүйрек ауыстыру оталарын өз бетімен жасаған. Бұл да үлкен жетістік! Ж.Досқалиевтің айтуынша, болашақта бауыр ауыстыру оталарын да жергілікті мамандар өздері жасайтын болады.

*Мейрамгүл Рахатқызы*

## АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА МЕЙІРБИКЕЛІК ІСТІ ДАМУ ТУРА



*З.Алипова*

*Ақтөбе облысының мейірбикелік ісін дамыту Орталығы директорының орынбасары*

Жаңадан құрылған Орталық облыстағы мейірбикелік істі жетілдіру, қызметтің сапасын жоғарылату, мейірбике ісін дамыту бағытында жұмыс жасайды. Осы бағыттың перспективасын саралап, мейірбикелік қызметтің ғылыми-әдістемелігін жетілдіріледі. Басты мақсат- мемлекеттік, саяси құрылымдар, халықаралық қоғамдық ұйымдармен серіктестік құру, мейірбикелік қызметтегі кәсіпкерлікті дамыту. Міндет - облыстағы



мейірбикелерді дипломнан кейінгі оқыту, қайта даярлау және осы саладағы ұйымдастырушылық-әдістемелік қызметті жандандыру. Орталықта мейірбикелік қызметті талдау және бақылау жұмысы оң жолға қойылып, мейірбикелік қызметтегі озық тәжірибені насихаттау, пилоттық жобаларды жүзеге асыру және оны саралау ісі де бір іздендірілетін болады. Ақтөбе облысының мейірбикелік істі дамыту Орталығының құрамында 3 бөлім төмендегі бағыт бойынша жұмыс жасайды:

- Дипломнан кейінгі және қайта даярлау бөлімі;
- Ғылыми-әдістемелік жұмыстар бөлімі;
- Мейірбикелік қызмет сапасын бақылау және аудиттік жұмыстар бөлімі.

Дипломнан кейінгі және қайта даярлау бөлімі өз жұмысын ҚР, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі бекітілген мына стандарттар мен нормативті құжаттар шеңберінде жүргізеді: "Білім туралы" ҚР-ның Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 13.11.2015 ж. № 398 бұйрығы, ҚР Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша қосымша білім беру Мемлекеттік стандарты (01. 01. 2010 ж.). ҚР-ның "Денсаулық және денсаулық сақтау жүйесі туралы" кодексі (18. 09. 2009 №193-IV) «Медицина және фармацевтика кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау ережесін бекіту туралы» ҚРДСМ міндетін атқарушының 2009 жылғы 11 қарашадағы №691 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2015 ж. 29 05.№433 бұйрығы, Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттарын бекіту туралы ҚР, Денсаулық сақтау министрінің м.а, 2009 ж. 26.11. N 791 бұйрығы, Медицина және фармацевтика мамандықтарының номенклатурасын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2009 ж. 24.12. N 774 бұйрығы, ҚР білім жүйесін дамытуға арналған 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама, Президент жарлығы 07.12. 2010 жыл №1118.

## SUMMARY THE DEVELOPMENT OF NURSING AFFAIR IN AKTOBE REGION

*Z.Alipova*

The center of development of nursing affair of the Aktobe region is created for the purpose of improvement, increase of efficiency and productivity of functioning of service of nursing affair. Activity of the Center is directed on improvement of quality of the sisterly help to villagers, improvement of organizational and scientific and methodical support of nursing affair, the analysis of the perspective directions of development of nursing affair of regional health system.

The center consists of three departments:

1. Office of postdegree preparation and retraining of average health workers;
2. Department of scientific and methodical service;
3. Department of monitoring and audit of quality of the sisterly help.

The office of postdegree preparation and retraining conducts the work within standards and other regulations of Ministry of Labour and Social Protection of RK. On courses of postdegree preparation and retraining of average health workers pass intermediate and final tests, the test fund for the planned cycles is created today.

## ЗРЯЧИЕ РУКИ



Так называется новый массажный центр в Актөбе, где инвалиды по зрению оказывают услуги массажа. Пока единственный в Казахстане центр, где профессиональными массажистами работают инвалиды по зрению. В таких странах как Япония, Китай и Таиланд, которые славятся очень развитой народной медициной, существует поговорка, которая гласит: «Побывать на приеме у незрячего массажиста – половина счастья». Считают, что кончики пальцев незрячих массажистов обладают особой биоэнергетикой, которая заменяет тысячи таблеток. Это научно доказанное явление.

Ограничив какие-то возможности, Всевышний наделяет их другими способностями, как будто природа сама уравнивает весы. Этот факт доказывает и открытый сегодня центр, где будут трудиться незрячие инвалиды, причем профессиональные массажисты, которые получили специальное медицинское образование. Пока в центре работают 4 кабинета,



оснащенные инновационным оборудованием и необходимым инвентарем. В них созданы условия для работы и свободного передвижения инвалидов. Все инструменты для рабочего пользования находятся в удобном расположении.

- До этого времени я был практически заперт в 4-х стенах. У меня хорошее здоровье, только глаза очень плохо видят. Хотел заниматься чем-то, приносить какую-то пользу, только не знал с чего начинать, - говорит получатель инклюзивного образования Куаныш Акпаков. Был очень рад, когда узнал, что в Актюбинском медицинском колледже открылось отделение для нас, инвалидов. С другой стороны боялся, что не смогу пройти конкурс.

Г. Ильясова, Актөбе

## АҚЫЛДЫҢ КЕНІ - АҚЖЕЛЕҢ

*Осы басылымға ұсынылған атаулардың ішінен ұжымға және редколлегия мүшелеріне «Ақжелең» сөзі бірден ұнады. Журналдың бейресми тұсау кесу рәсімі қарсаңында медицина саласындағы қыз-келіншектер мен еңбек ардагерлерінің арасынан аттас әріптесті іздестірдік. Атына заты, ақылына көркі сай келген Ақжелең Оразова көп «іздетпеді». Өйткені, бұл адам облыстың медицина саласының ұтқыр ұйымдастырушысы, ардагері болып шықты.*

- *Ақжелең деп есіміңізді кім атаған?*

- Әкем қойыпты, біздің жақта (Ақтөбе облысы, Бұрғыз ауданында) Сара деген белгілі акушер болыпты. Ол адам өзінің адамгершілігімен, біліктілігімен көпке жаққан, сыйға бөленген жан екен. Өзі де, халаты да аппақ болып, мұнтаздай таза жүретін жанның жүрегінің жылуы менің майдангер әкемнің көңілінен шықса керек. Сол адамдай халқының қалаулысы, елінің елеулісі болсын деп атымды Ақжелең деп қойыпты. Мамандық таңдағанда да әкем менің дәрігер болғанымды қош көрді. Сөйтіп, атым да, затым да дәрігерлік кәсібіме лайықты болып шыға келді.

- *Біздің түсініктеме: «халат» сөзі біздің ұлттың тілінде «желең, желбегей» деген мағынада қолданылады. «Шапанын желбегей іле салып», «күнісін желең іле қойған еді» деген сөздерді классик жазушылардың шығармаларынан көп ұшыратамыз. Ал, Ақжелең деген сөз «ақ түсті жеңіл киім, яғни, сырт киім» дегенді білдіреді. Қазақ халқы бұл есімді қыз баласына берген. Ал, дәулескер күйші Қазанғалтың «Алтыс екі Ақжелең» деген күйі бар. Бұл Ақжелең атты әрі өнерлі, әрі ақылды, әрі даналығымен танымал болған бойжеткенге арналған 62 түрлі күйден тұратын шығармалардың жиынтығы.*

- *Ұлттық тәрбиенің қаймағы бұзылмаған, қазақы қағиданың мәйегі тұнған шаңырақтың ақжаулығысыз. Искерлігіңіз де, ұйымдастырушылығыңыз да ерлерге бергісіз. Әйтсе де, әйелдік, келіндік, аналық міндетіңіз бірінші орында тұрғанын да білеміз. Қайнаған жұмыстың, басшы мен қосшының ортасында жаратылыстың берген «жіңішке жолын» қалай жалғап келесіз?*

- Бұл ана сүтімен, әке батасымен сіңген, обал-сауапты қадір тұтқан, жетім мен жесірдің несібесін жемеген, әлсізге азу көрсетпеген иманы тұнған қазақтың тәрбиесі! Екіншіден, мен «байдан бағы ашылған» әйелмін. Ата-енем өздерінің жалғыз ұлын, Сарыбай ағанды 10 ұлға бергісіз етіп тәрбиелеген өте көрегенді, өнегелі, жатты жақын ететін қайырымды жандар. Маған осындай адамдардың шайын құйып, қызмет етуге, осындай әулеттің







ұрпағын жалғастыруға нәсіп еткен Аллаға мың шүкіршілік етемін. Егер менің бойымнан өзің айтқан теңеулер табылып жатса, ең алдымен алланың берген сана сезімі, содан соң, ата-анамның оң тәрбиесі және келін болып, басыма жаулық салған осы қара шаңырақтың киесі деп ұғамын, айналайын.

Сұхбаттасқан *І.Тәжіғұлова*

## ТАЛАПҚА САЙ МЕЙІРБИКЕ

*А.Шакиржанова,*  
*«Арқалық медицина колледжі» МКҚК*

Орта білімді медицина мамандарын даярлауда клиникалық пәндер оқытушыларының ықпалы көп. Оқушының білімін көтерудің ең басты шарты оның пәнге деген қызығушылығын арттыру. Ол үшін мұғалім төмендегідей міндеттерді жүзеге асыруы тиіс:

- проблемалық сұрақтарды жеке шығармашылықпен шешу,
- оқу еңбегін түрлендіріп ұйымдастыру,
- тақырыпты оқыту әдісін түрлендіру (шағын топтарға арнап),
- оқу материалының түсініктілігі, мұғалімнің сөйлеу мәнері, көрнекі құралдармен жабдықтау,

Қазір мейірбикелерді даярлаудың әлеуметтік маңыздылығына, оның ішінде мейірбикелердің науқасты күтудегі жаңа технологияны игеруіне, мейірбикелік процессті ұйымдастыруға ерекше назар аударылған [1.54 б].

Арқалық медицина колледжінде «Мейірбике ісі негіздері» сабағында оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, мамандығын сүйеге тәрбиелеп келемін. Өз тәжірибеме сүйеніп төмендегі оймен бөліскім келеді. Мейірбикелік процесс 5 кезеңнен тұрады. Бұл процессті жүзеге асыру үшін жаңа технологияны оқыту үрдісінде әдістемелік жолдарды шығармашылықпен жетілдіру үшін ойын арқылы оқыту технологиясын пайдаланамын [1.15-56 б]. Оның мақсаты мен мағынасы: ойын арқылы қызықтырып, оқушының білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін ашу.

## ШАТАЛОВ ТЕХНОЛОГИЯСЫН АРНАУЛЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ

*Г.Терекова*  
*А.Қалауова*  
*Ақтөбе медициналық колледжі*



Н.Ә.Назарбаев халыққа арнаған жолдауында: «Мемлекетіміздің болашағы - жастар, оларды білімді, саналы азамат етіп өсіру - барлығымыздың міндетіміз» - деген болатын. Бүгінгі күні оқытушының негізгі мақсаты – білімді, білікті, жан жақты, өзіндік ой толғамы бар, болашаққа жаңа көзқараспен қарай алатын, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұл оқытушы тарапынан көп ізденісті, шығармашылық жұмысты талап етеді. Студент жан-жақты, білімді болу үшін, оқытушы күнделікті сабақта жаңа әдіс - тәсілдерді қолдана білуі тиіс. Оқу үрдісінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану студенттердің белсенділігін арттырып, сабақтың көрнекі өтуін қамтамасыз етіп, сабақ беру уақытын үнемдеп, білім берудің табысты болуына ықпалын тигізетіндігі анық.

### Туберкулез:


ТМБ тудыратын созылмалық инфекциялық ауру. Түрлі органдар мен тіндерде арнайы гранулемалардың пайда болуымен, полиморфты клиникалық көрініспен өтетін ауру.



### Эпидемиологиясы



## Туберкулез



- Туберкулезді жұқтыруы мүмкін қауіпті топтар**
- БДЖ вакцинациясы мен ревакцинациясын алмағандар
  - Қант диабетімен ауыратын балалар
  - Тығыз жолдары жиі, ұзақ ауыратындар
  - Себепсіз домалаған иммунитеттің төмендеуі
  - Ұзақ уақыт гормондар мен иммунодепрессанттар алушылар
  - Себепсіз шеткі лимфа түйіндері үлкейген және ұлғаяу белгісі бар балалар
  - Жасқа дейін және жаныстық даму кезеңіндегі туберкулез ауруымен танылмайтын балалар
  - Қызғалдақ, қызылтеп, желікешкекпен ауыратын балалар

### Туберкулез ағамы



### Туберкулез менингитіне тән белгілер



Білім берудің педагогикалық технологияларының ішінде В.Ф.Шаталовтың технологиясына негізделіп жасалған тірек-сызбаларды пайдалану арқылы оқыту студент белсенділігін арттыруға ықпал ететін технологиялардың бірі. Арнаулы пәндердің теориялық және тәжірибелік сабақтарында студенттерді схемалық кестелерді қолдану арқылы оқыту, олардың есте сақтау қабілетін арттырып, шығармашылық қызығушылығын тудырып, сұраққа нақты да дұрыс жауап қайтара білуіне ықпал етеді. В.Ф. Шаталовтың технологиясының басты ұстанымы – тірек-сызбаларды пайдалану арқылы үйге берілген тапсырмаларды үздіксіз қайталау арқылы білімді жүйелі қалыптастыру. Оқытушының міндеті тек оқыту, түсіндіру ғана емес, оқушылардың оқу еңбегін, танымдық оқу іс- әрекетін сауатты ұйымдастыру, басқару, сондықтан, оқытушы қоғам талабына сай білім беруі үшін жаңа педагогикалық технологияларды әр түрлі оқыту әдістерімен сабақтастыра отыра, заманауи тиімді білім беру жүйесін құруы тиіс.

## SUMMARY USE OF SHATALOV'S TECHNOLOGY IN TRAINING OF SPECIAL SUBJECTS

*G.Terekova  
A.Kalauova  
Aktobe medical college*

Nowadays the main goal of teachers is formation of the competent, educated, creative expert with the outlook, comprehensively - developed personality. This task demands from the teacher of long searches, creative approach to the work. In the daily work the teacher has to use different methods of training. Use in educational process of new educational technologies allows increasing informative activity trained, provides presentation of occupation, reduces material explanation time, and increases learning efficiency. One of the effective technologies is use of the "basic signals" based on V. F. Shatalov's technology which allows increasing cognitive activity of the student. On theoretical and practical training of special subject use of "basic signals" promote steady storing of material, increase creative cognitive activity, possibility of exact answers to specific questions.

## ЕЛБАСЫНА АЛҒЫС

*К.Қонаева*



Елбасы Жолдауында мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін еліміз кедергісіз аймаққа айналуы тиіс. Осы бағытта Мемлекет басшысының бастамасымен «Кедергісіз келешек» мемлекеттік бағдарламасы қолға алынды. Мақсат — мүгедектердің өмір сапасын жақсарту, олардың құқын қорғау үшін құқықтық алаң қалыптастыру, жұмыспен қамтамасыз ету, инклюзивтік білім беруді дамыту. Облыста осы жобаны нақты іске асырып отырған мекеменің бірі — Ақтөбе медициналық колледжі.

### **Жәнияның жоспары.**

Осыдан екі жыл бұрын Ақтөбе медициналық колледжінде зағип жандарды массажшы мамандығына оқыту ісі қолға алынды. Қазіргі таңда білім ордасында

жергілікті бюджет есебінен 15 зағип азамат білім алып жатыр. Солардың бірі — Жәния Аяубаева. Жәнияның көзінің көру мүмкіндігі шектелгеніне он бес жылдан асыпты.

Атырау қаласында туып-өскен ол мектеп бітіргеннен кейін Қарағандыдағы кооперативтік институтта білім алады. Сол уақыттан бастап көзінің көру қабілеті нашарлай бастапты.

— Ақтөбеге тұрмысқа шығып, балалы болдым. 2000 жылы өмірге үшем әкелдім. Осыдан кейін көзім тіпті көрмей қалды. Дәрігерлер «макулярный разрыв» деген диагноз қойды. Дәрі-дәрмек көмектеспеді. Сол жақ көзім болар болмас жарықты сезеді. Көзім көрмесе де үш баланы өзім өсірдім. Жолдасым қайтыс болды. Биыл Ақтөбе медициналық колледжінде зағип жандарды оқытатын бөлім ашылғанын естіп, сәуір айынан бастап құжат

жинадым. Қазір бірінші курста оқып жатырмын. Он бес жыл бойы үйден шықпаған адамға бұл оңай болған жоқ. Алғашқыда қорқасоқтап жүрсем, қазір үйреніп кеттім. Топта сегіз адамбыз. Оқушының ең үлкені 49 жаста болса, кішісінің жасы 17-де. Бірақ барлығымыз бір үйдің баласындаймыз, жас айырмашылығымыз біздің еркін сөйлесуімізге кедергі болмайды. Оқуға түскеннен кейін өмірім өзгере бастады. Қазір үздік оқушының бірімін,— дейді Жәния күліп.

## SUMMARY GRATITUDE TO THE PRESIDENT

*К.Кораева*

In the Message of the President said that our country has to become "barrier-free" medium for disabled people. In this direction the State program "The future without barriers" is accepted. Main goals of this program are improvement of quality of life of disabled people, creation of a legal platform for protection of their rights, job security, introduction and development of inclusive education.

In Aktobe Medical College the project on training in massage of visually impaired persons took off two years ago. Nowadays 15 of visually impaired persons are trained for budgetary funds. One of them is Zhaniya Ayaubayeva who lost vision about 15 years ago.

## АДАСПАЙ ТАПҚАН АРМАН



Егер сол жолы Жұмаберген Жантекенов « адасып» кетпегенде Ақтөбе облысындағы бір жақсы дәрігердің, денсаулық сақтау саласында бір білгір ұйымдастырушының да кемдігі байқалар еді. Отбасындағы үш ұлдың үлкені Жұмаберген мектепті бітірген (Қобдадағы) соң бірден еңбекке араласты. Екі жылдан кейін Алматының зооветеринарлық институтына құжат тапсырмақшы болып ауылдас жігіттерге еріп Ақтөбеге келді. Бұл 1969 жыл. Іздеп келген оқу орынын таба алмай үшеуі әбден сандалды. Айналып-айналып Ленин көшесіндегі (қазіргі Әйтеке би) медициналық институттың алдынан шыға береді! Сілесі қатып шаршаған Жұмаберген үшінші рет адасып мединститутқа келгенде «мен енді осында тапсырамын» деді де құжаттарын өткізді. Емтихан тапсырмай жатып-ақ, ол кіре беріске кезекші болды. Міндетін кіршіксіз атқарам, әрі «Кұлтай болыс-Жаннаға» (Ж.Ә.Ахметова) жағамын деп тұрғанда деп тіпті, ректор Т.Шармановты да ішке кіргізбей қойған! Бір күні ректор шақырып алды да «сендей жігіттер қоғамдық жұмыстан шет қалмауы керек, қандай өнерің болса да қысылмай ортаға сал» деп ақыл айтып, жақсы тілекпен шығарып салды. Осылайша

Жантекенов студенттік хорға қатысып, «Менің Қазақстанымды» жеке дауыста орындап таныла бастады. Бір сабақтан бағасы «3» болған соң Ж.Жантекеновке шәкірт ақы төленбей, жатақханадан да орын жетпей қалған еді. Институттың «болыс қызы» Жанна бірер күннің ішінде стипендия төлетуге де, жатақханадан орын бергізуге де бұйрық шығартты. Ал, Жұмаберген болса жоғарғы оқу орындары студенттерінің арасында өткен республикалық бәсекеде еркін күрес және нысана көздеуден 3 орын алып институттың абыройын асқақтатты. Мемлекеттік емтиханды ылғи беске тапсырып, хирург ретінде Оралға интернатураға аттанды. Жас маманға Жаңақала ауданынан жұмыс та, пәтер де берілді. Жұмысқа кіріскен соң екі күннен кейін аса ауыр жағдайда жеткізілген келіншекке ота жасап, операция сәтті өтті. Сөйтін жас доқтырдың атағы аудан аралап, облысқа да тез жайылды. Бұл ел - Жұмаберген Жантекеновтің кәсіби біліктілігін шындап, адами асыл қасиеттерін жат ортада жария етіп жетілген, шыңдалған, қалыптасқан «ата мекеніне» айналды. Жаңақаланың, Оралдың жайсаң да жайдары, шетінен өнерлі жігіттерінің арасынан көптеген адал жолдас, шын дос тапты.



*І.Алмас, Ақтөбе қаласы*



## САНИТАРНО – ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКАЯ ЭКСПЕРТИЗА – ОСНОВА В ЗАЩИТЕ ПРАВ ПОТРЕБИТЕЛЕЙ И САНИТАРНО – ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО БЛАПОЛУЧИЯ НАСЕЛЕНИЯ



*С.Алимбаев,  
санитарный врач  
высшей категории,  
заместитель директора  
филиала РГП на ПХВ  
«НЦЭ» по Актыбинской  
области.*

Санитарно-эпидемиологическая экспертиза - это лабораторные исследования и инструментальные замеры объектов внешней среды по линии государственного санитарно-эпидемиологического надзора на безопасность здоровья человека, санитарно-эпидемиологического благополучия населения и защиты прав потребителей. Именно этим занимается национальный центр. Руководствуется в своей деятельности, в основном, Кодексом РК «О здоровье народа и системе здравоохранения», Законом РК «О защите прав потребителей», Государственной программой «Саламатты Қазақстан» и другими нормативно-правовыми актами Республики Казахстан.

С момента образования центра санэпидэкспертизы центром получены государственные лицензии в МЗ РК на санитарно-гигиеническую и противоэпидемическую медицинскую деятельность, лицензия на занятие деятельностью, связанной с дезинфекцией, дезинсекцией, дератизацией, государственная лицензия на занятие деятельностью с перевозкой, приобретением, хранением, распределением, использованием и уничтожением наркотических средств, психотропных веществ и прекурсоров. В Комитете по атомной энергетике Министерства энергетики и минеральных ресурсов РК получена лицензия по контролю за радиационной обстановкой на территории Республики Казахстан. Режимной комиссией при Комитете по защите прав потребителей МНЭ РК выдано разрешение бактериологической, паразитологической, вирусологической лабораториям и лаборатории особо-опасных инфекций на проведение диагностических работ с микроорганизмами II-IV групп патогенности.

### SUMMARY SANITARY AND EPIDEMIOLOGICAL EXAMINATION IS A BASIS OF SECURITY OF PEOPLE'S WELLBEING

*S. Alimbaev*

Sanitary and epidemiologic examination is laboratory researches and tool measurements of objects of environment through the state sanitary and epidemiological surveillance on safety of health of the person, sanitary and epidemiologic wellbeing of the population and consumer protection. The national center is engaged in it. It is guided in the activity generally by the Code of RK "About Health of the People and Health System", the Law of RK "About Consumer Protection and other normative legal acts of the Republic of Kazakhstan.

The center of a sanitary and epidemiologic examination obtained the state licenses in MH RK for sanitary and hygienic and antiepidemic medical activity, the license for occupation bound to disinfection, a disinfections, deracination and the state license on occupation by activity with transportation, acquisition, storage, distribution, use and destruction of drugs, the psychotropic substances and precursors.

### БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ЕМДЕУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ

*А. Ордабаева  
«Арқалық медицина колледжі» МКҚК*

Мейірбикелік іс негіздері пәнінен «Медицина қызметкерлерінің жұмыс орнындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету» деген интегративті сабақты өткізу тәжірибесін ортаға саламын. Дөңгелек үстел барысында мейірбикелер



өз рольдерін қорғайды, нәтижесінде мейірбикелер білім ғана емес сонымен қатар білік пен дағдыларын қалыптастырады. Рольдер: мейірбике-науқас, мейірбике-СӘҚБ қызметкері. Алдымен, медбике объектісін анықтау керек. Медицина қызметкерлері болғандықтан интеграция объектісі - адам. Интеграциялық пәндердің бағыты мен көлемі, интеграция деңгейі бірнеше саланың біріккен біртұтас болуы керек. Денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құжаттарды біліп, нақты өмірмен байланысты көрсету, іс жүзінде қолдану және мейірбикелердің білімдерін жүйелендіруде біртұтастық көзқарасты қалыптастыру басты мақсат. Мейірбикелер осы құжаттарға сәйкес жұмыс жасалуын, ал эпидемиологтар осы бұйрықтардың орындалуын қадағалап тексереді [1:89]. Шетел тілін білу-білімділіктің және зияткерлік дамудың көрсеткіші ғана емес, бұл-өмір талабы. Біріншіден, шетелдік медициналық әдебиетті оқып-үйрену үшін, екіншіден, сол қызмет аясында оны тәжірибе жүзінде қолдана білу үшін. Бұл жағдайда көптеген халықаралық конференциялардың алатын орны ерекше. Онда жиналғандар медицина саласының дүние жүзілік жаңалықтармен танысады. Бұндай конгрестерде диагностика мен ауруларды емдеудің «алтын стандарты» қабылданады, бұл үрдіс медицина мамандарына қажетті бағдар береді. Сол конференцияларда медицина қызметкеріне ем тағайындау үшін заманауи халықаралық нормаға сәйкес медициналық құрал-жабдықтарымен танысу, пайдалану әдісі де ұсынылады. Бұның бәрі сайып келгенде, дүниежүзілік ғылыми-медициналық қоғамдастықпен байланысты нығайтады. Сондықтан да колледждегі шетел тілін оқыту курсы болашақ маманың коммуникативтік және танымдық талабына сай жүргізілгені дұрыс. Интеграция барысында шет тілі пәні медициналық пәндермен пәнаралық байланыс негізінде оқытылады. Сонда студент келешек кәсібіне қажетті коммуникативті біліктілікті және дағдыны қалыптастырады [2:22]. Мейірбикештер мен оқытушылар оқушылардың дайындық қасиеттерін білу және келешекте оқу процессін жетілдіру үшін, емдеу мекемелерінде машықтау конференцияларына қатысып жүргені де абзал.

## ПРОБЛЕМА ДЕТСКОЙ ИНВАЛИДНОСТИ



*М.Тарасова,  
врач-психиатр*

Проблема детской инвалидности признана ВОЗ одной из наиболее актуальных на 2000-2010 годы. По данным ЮНИСЕФ, в мире насчитывается 140-150 млн. инвалидов с детства. Эксперты ООН считают, что число людей с ограниченными возможностями составляет 10% земного шара, из них более 120 миллионов - это дети и подростки. В США около 4% всего детского населения составляют дети до 17 лет с заболеваниями и состояниями, ограничивающими их функциональную и социальную активность (Зелинская Д.И., 1995, 1999 гг.). Уровень детской инвалидности в Европейских странах достигает 250 на 10 000 детского населения. При этом, по данным европейской и американской медицинской печати, распространенность хронических заболеваний, которые угрожают развитием инвалидности, составляет 15% детского населения (Зелинская Д.И., 2001 г.). На сегодняшний день в Казахстане, по данным Госкомстата, проживает 49,8 тыс. детей-инвалидов. Это составляет 13,4 на 1000 детского населения. Численность детей инвалидов растет с каждым годом. Дальнейший рост детской инвалидности, по мнению большинства исследователей, приведет к снижению прироста здорового населения.

## SUMMARY PROBLEM OF CHILDREN'S DISABILITY

*M. Tarasova  
Psychiatrist*

The problem of children's disability is recognized as one of the most actual for 2000-2010. According to YUNISEF, in the world there are 14-150 million disabled people from the childhood. Experts of the UN consider that the numbers of disabled people makes 10 % of the globe, from them more than 120 million are children and teenagers. In the USA about 4% of all children's population is made by children till 17 years with the diseases and states limiting their functional and social activity (Zelinskaya D. I., 1995, 1999). Level of children's disability in the European countries reaches 250 on 10000 children's population. Thus, according to the European and American medical press, prevalence of chronic diseases which threaten with disability development, makes 15% of the children's population (Zelinskaya D. I., 2001).



## ЖЫЛДЫҢ ЕҢ ҮЗДІК МЕЙІРБИКЕСІ

2015 жылы орта медицина қызметкерлерінің кәсіби байқауында «жеңсем» деп емес, «көрсем, үйренсем» деп келген Нұргүл ауылына «шіркін-ай, бүгінгі студенттердің бағы мол екен, инновациялық технологияның игілігін қазірден бастап көріп жүрген. Мен де дәл қазіргі уақытта білім алсам ғой?» - деген оймен оралды. Ол оқыған 1987-1991 жылдардағы Ақтөбе медициналық колледжі мен бүгінгі оқу орынын салыстыруға мүлдем болмайды. Қаладан Нұргүл екі есе қанаттанып қайтты, әрине, алғашқысы жеңімпаз атанғаны, екіншісі, өзінің бітірген оқу орнының өсіп, байып, көркейіп, жаңарып, жасарып, толысып тұрған келбетіне көзінің де көңілінің де қуанғаны. Мұғалімдер қалай шебер сөйлейді, терең түсіндіреді, инновациялық технологияны сабақ барысында сондай еркін тұтынады?! Ұстаздардың кәсіби біліктілігі мен сыпайы қарым-қатынасы, сыйластықтары тіпті бөлек. Ауданнан бірінші орын алып «облысқа барасың, ауданның намысын қорғайсың» деген ұсыныстан соң Ақтөбеге бірер күн бұрын жетті. Колледжге келіп рұхсат сұрап муляждармен жұмыс жасау дағдысын қайталады, теориялық жағын да пысықтаған болды.

Міне, кәсіби сынақ басталды, 17 ауданнан 17 әріптесі келіпті. Тәжірибелік, теориялық дағдылар бөлек-бөлек сұралды, тексерілді. Алда гинекология, хирургия мен педиатрия бойынша тәжірибелік сынақтар бар. Сырттай



алқасы өзінің аты-жөнін атап, жеңімпаз деп жариялағанда мейірбике болғаны үшін, осындай білім ордасының түлегі болғаны үшін Нұргүл бөлекше мәз!

қараған адамға ашық сабақ өткізіліп жатқандай. Мынау балалар аурулары бойынша сынақ бөлмесі, бәрі де дәл жағдайға негізделіп толықтай жабдықталған. Тамаша! Бұл сыннан жақсы өткен сияқты, енді гинекология, «үйде босандыру жағдайы». Бұдан да тура жолды тапқандай, әйтеуір тосылып қалған жері жоқ. Хирургия! Мәссаған, өзіне сабақ берген Есен Өтешұлын көргенде іштей қатты толқыды. Біріншіден, Нұргүл оқыған кезде еңбек еткен мұғалімдерден әзірге көргені Есен ағай, соған қуанды, екіншіден, араға 25 жыл салып мұғаліміне қайта шәкірт болып сынақ тапсырады? Білімін де, біліктілігін де, адамгершілігін де жоғары бағалайтын ағайының көңілінен шыққысы келді, «бірдеңе оқып, түсініп шыққанын» шын дәлелдегісі келді. Жауапкершілік жүгі екі есе артты! Ширек ғасыр уақытта ағайдың мейірімді келбеті де, қамқор пейілі де, қоңыр майда үні де өзгермепті! Нұргүл бір түрлі студенттік кезін сағынып та кеткендей! Абырой болғанда 25 жылдан кейінгі «емтиханнан» да сүрінбей өтті. Сөйтіп, тестен берілген 100 сұрақтың 91-не дәл жауап беріп, тәжірибелік сынақтың әрқайсысынан 20-25-тен ұпай жинап топ жарды! Облыстық драма театрының сахна төріне көтеріліп, мейірбикелердің кәсіби мерекесінде табыс етілген жұлдесін алғанда Ембі аудандық аурухана ұжымы қатты қуанған. Ал, әділ қазылар

*Сұхбаттасқан І.Алмас, Ақтөбе облысы, Ембі ауданы*

### SUMMARY THE BEST NURSE OF THE YEAR

In 2015, Nurgul arrived on the regional professional competition of average health workers. Of course, there was a hope for a victory. But the main desire was - to see, look and learn. At the competition theoretical knowledge and practical skills were separately checked and estimated. There were both test tasks, and work with moulages. But competition is organized more with the emphasis on practice. "I consider that among participating contestants there were no losers as competition gave us a lot of experience and new knowledge," - Nurgul told.

Nurgul graduated from the Aktobe Medical School in 1991. She began to work in the city of Emba. The senior nurse of regional hospital Ozipa Pavlovna took under the control the young nurse and was her real mentor. Nurgul passed training in all units of hospital and everywhere she obtained the positive characteristic.

*I. Almas, Aktobe region, Embi district*

## АЙНАЛАЙЫН АПАМ-АЙ!

Саралжындық мейірбике Жұмазия Төремұратованы ауылдастары тұрмақ, бүкіл Ойыл ауданы (Ақтөбе облысы) осылай атайды. Жасы да кәрісі де «Жұмазия апай еңбек демалысына шығады» дегенді естіген ауылдағы балалы келіншектердің мазасы қашады. Олардың ойынша «апам-ай ауылда жүрсе, біртүрлі бөпелері де ауырмайтын сияқты». Ал, ұзап шыққан апам-айдан да берекет кетеді, шұғыл шаруасын реттеп ауылына қарай, «өзінің періштелеріне» қарай ұша жөнеледі. Басқаша болуы мүмкін емес! Өйткені, Жұмазия ел-жұртына кәсіби біліктілігімен жаққан, баладай періште пейілімен баршасын баурап алған жан! Ауылдастары үшін ол тек қана мейірбике емес, ерекше «үлкен жүректі» -Адам! Көңілі дархан, ниеті пенде біткеннің бәріне ақ-адал Жұмазия Төремұратова еш уақытта еш нәрсені ұмытпайды. Жұмыс бойынша да, адами, пендешілік тірлікте де, ірі-ұсақ демей елпескеріп жүргені. Керек десеңіз ол ауылдағы өзі қадағалайтын 250 баланың туылған күндеріне дейін жатқа біледі. Ал, бір жасқа дейін 30 баланың атын жаңылмай айтып шығады. Оның Саралжын дәрігерлік амбулаториясын балалар бөлімінің



кабырғасындағы көркемдеп-безендендірілген стендтері қандай? Мұнда сапалық көрсеткіштер де, динамикалық өзгерістер де көрсетілген, бірақ, әдеттегідей құрғақ сандар толтырылған әншейін жасай салынған дүние жоқ! Құдай-ау, стендті тура, суретшінің жеке көрмесі дерсің! Сандардың сөзі «сөйлеп» тұр ғой! Себебі, бұл дүниелер мамандығын шын құрметтейтін, кәсібін шын жақсы көретін, шынымен еңбек еткісі келетін еңбекқор жанның қолынан шыққан. Оның үстіне сол учаскедегі даму тенденциясы жақсы бөбектердің «тәп-тәтті» суреттері сізді өзіне қаратпай қоймайды! Жұмазия Төремұратованың «Бір жасқа дейінгі сәбилердің психикалық даму жолы» деп аталатын стенді аудандағы емдеу-сауықтыру мекемелері бойынша жасалаған жаңалық болды, сондықтан шығар, аудандық аурухананың бас дәрігері «апай, сіз жаңашыл адамсыз, біздің «складымыз» сияқтысыз,- деп әзілдей отырып, сіздің базаңызда семинар өткізу керек деп ұсыныс жасаған – ды. Несі бар, мұнда айтатын да, көрсететін де, бөлісетін де дүниелер баршылық! Жұмазия апайдың еңбекқорлығы, тиянақтылығы, табанды да тындырымдылығы отбасындағы іргетас-тәрбиенің беріктігінен. Бес балалы майдангер әке мен ананың үлгі-өнегесін тең көрген Төремұратовтар әулетінің қай-қай перзенті де әке-шешенің абыройын ардақтап жүр!

*І.Алмас, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Саралжын ауылы*

### SUMMARY DEAR SISTER!

Not only the villagers, but also all Uil district call the nurse from Saralzhyyn Zhumaziya Turemuratovna so. For the villagers she is not only the nurse, but also the person of big soul! When she leaves the village not for a long time, not only parents of small children lose rest but also she. She is not only the professional, but also who will qualitatively provide in time medical care to the patients, she irradiates round herself light, kindness, serenity, and confidence. She remembers birthdays of all 250 children, names of all 30 newborns. She does not forget to wish all happy birthday. It speaks not only about her good memory.


*I. Almas, Aktobe region, Oiyil district, Saralgyn village*





## ДИСПЕТЧЕР «СКОРОЙ ПОМОЩИ»

*Р.Разина*



«Скорая помощь» начинается с диспетчерской службы. Именно сюда попадает человек, набравший на своём телефоне номер «103». На этой станции скорой медицинской помощи работают семь диспетчеров, дежурство длится сутки, без каких-либо перерывов на обед или отдых. В их работе и всех тонкостях этой службы нам поможет разобраться Елена Красавина, которая работает диспетчером «скорой помощи» более 20 лет, по образованию фельдшер (окончила наше Актюбинское медицинское училище). Сначала работала фельдшером «скорой помощи» выездной бригады, опыт работы которой потом пригодился, а затем перешла в диспетчерскую службу. Хочется рассказать коротко о диспетчерской службе, о Елене и ее чувствах в этой работе.

«Скорая помощь» работает по вызовам, которые делятся на два типа — экстренные и неотложные. К экстренным относятся случаи, когда жизни и здоровью человека грозит реальная опасность, и «скорая» обязана приехать на вызов в течение 10 минут. Неотложные вызовы — если у больного обострилось хроническое заболевание, заболели голова, суставы, поднялась температура, давление и т.п. Тогда фельдшер может прибыть к пациенту в течение часа. Для того, чтобы правильно сориентироваться и принять решение, диспетчер должен профессионально, вежливо, точно и быстро провести диалог с абонентом и решить его судьбу. Но это в идеале. А в жизни бывает по-разному.

Сейчас она, диспетчер, решает к какому типу отнести вызов: экстренному или неотложному.

**- Вас не пугает такая ответственность?**

- Мы работаем по-новому и «скорая» обслуживает теперь только экстренные вызовы. Все остальные вызовы диспетчер переадресовывает в Центр первичной медицинской помощи, т.е. передаёт вызов в амбулаторию по месту жительства больного. Телефонная связь (как стационарная, так и мобильная) налажена со всеми амбулаториями города так, что с этим проблем нет. Но Центр первичной медицинской помощи не сможет круглосуточно обслуживать вызовы. В выходные и праздничные дни на все вызовы выезжает «скорая помощь».

### SUMMARY CONTROLLER OF AMBULANCE

*R.Razina*

“Ambulance” begins with the ambulance control. Seven dispatchers work at our station of ambulance, watch is lasting for day and night, without any lunch breaks or rest. With the help of Elena Krasavina we should understand their job and all their subtleties of this service. Elena has been working as dispatcher of ambulance for more than 20 years.

The ambulance works on calls, which are divided on two types - emergency and urgent. Cases when life and health of a person is threatened by real danger belong to the emergency, and then ambulance has to come within 10 minutes. Urgent calls - if a patient have the chronic disease, headache, fever, pressure and so on and then the ambulance may come to a patient within an hour. In order to do right thing and make the decision, dispatcher has to professionally, politely, precisely and quickly carry out the dialogue with the subscriber and to decide his destiny.

### ҮМІТТІ АҚТАҒАН ҮМІТ

Үміттің атын әжесі қойыпты, бұған дейін екі қыз немере сүйген қария «өзге түсті» армандап, үміттенсе керек. Үміттен кейін «ат ұстайтын» немересі туылып, «майқұйрық» атанған «сары үрпек қызды» әжесі бауырына басты. Үміт одан кейін де сан мәрте үмітті ақтады. Ең алдымен ата-анасы Орынбай мен Тазагүлдің тәрбиелі, өнегелі перзенті болып олар артқан үміттің үдесінен шықты. Әкесі марқұм Набиев Орынбай Қарақалпақстан Республикасы Хожелі районы Аму-Дарья совхозының ел-жұртына жаққан, беделді азаматтарының бірі еді, ауыл шаруашылығы саласының бас маманы болып еңбек етті. Дәм тартып туған жердің топырағы бұйырып, егемен елге оралуға нәсіп еткен Аллаға мың да бір шүкір- дейді бүгінгі күні құран бағыштаған ұрпақтары.



Ал, анасы ауыл мектебінде ұзақ жылдар ұстаздық етті. Бұл күндері Қандыағаш қаласында немере –жиендерінің тәтті қылығына сүйсінген ақ жаулықты әже атанып орталарында жүр. Осындай ата-ананың, содан соң ұстаздарының өзіне артқан сенімін ақтаған Үміт орта білімді медицина мамандығын игеріп шықты. Кейіннен өзінің тарихи отанына оралған соң да, әріптестерінің үмітін ақтап «Келіндер сынында» ұршық иіріп, құрақ көрпе құрап жүлделі 1-ші орынды жеңіп алды. Бұл кәдімгі-Набиева Үміт Орынбайқызы, иә, иә, Ақтөбе облысы, Мұғалжар аудандық ауруханасына қарасты «Сағашилі» ауылының (бұрынғы «Победа» совхозы) дәрігерлік амбулаториясының акушері. «Егер бүгінгі күні қандай да бір жетістіктерім бар болса, ең алдымен Алланың берген сыйы, одан кейін маған жол көрсетіп, жөн сілтеген тәлімгерлерімнің еңбегі»-дейді Үміт. Ал, оның тәлімгерлері де осал емес, аты аудан жұртына жақсы мәлім дәрігер З.Ш.Калимова, аға медбике Е.Қайырова, әріптестері К.Есмағамбетова, О.Кулбағырова, В.Милаева, А.Иманкулова, К.Есенгужина, А.Герлятович т.б. Қарақалпақ елінен ата мекенге қоныс аударып келген Үміт дипломы бойынша мейірбике еді, ал, З.Ш.Калимованың «сенен жақсы акушер шығады,

жүрексіңбе, батылдау бол, тартынба»,- деп жігерлендіргені есінен шығар ма? Бас дәрігердің алдында бұл мәселені көтеріп, жағдайдың маңыздылығын дәлелдей отырып, акушерлік курске оқуға жіберген де осы дәрігер еді. Айтпақшы, дәрігерлік амбулаториядағы іс-тәжірибе кезінде де З.Ш.Калимованың жіті бақылауында болды. Апта аралатып балалар бөлімінде, терапияда, акушерлік бөлімде, ине шаншу кабинетінде, әйтеуір, барлық салада әбден қадағалап, өзінің кәсіби сынағынан өткен соң сенім артты. Мұғалжар ауданы бойынша акушер-гинеколог С.Ш.Мамбетжанова Үмітке білмегенін үйретіп, күрделі сұрақтарына нақты тәжірибелік тұрғыдан көмектесіп, ерқашан оң жол көрсетумен келеді.

*І.Тәжіғұлова*

*Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Сағашилі ауылы*

## SUMMARY THE EQUALED HOPES

When after two girls the third was born, the grandmother named her Umit (that is translated as Hope), with hope that the long-awaited boy will be the following. The hope came true and not only this.

Umit grew the well-mannered, clever, purposeful girl. The father was respectful person in the country. And they lived in the state farm Amu-Darya of the Hozhelinsky district Karakalpak SSR. Mother Tazagul-apay had worked as the teacher at school for many years.

Umit graduated from the medical school and received profession of a nurse. When there was a possibility of resettlement on the historical homeland, a family without deliberating made the decision and moved to the Aktobe region. Umit had a family – the husband Bolat, the teacher of physical education and three children.

*I.Tazhigulova*

*Aktobe region, Mugalzhar district, Sagasjili village*

## МИЛОСЕРДНАЯ СЕСТРА

Медсестра высшей категории Улболсын Турарова в детстве мечтала стать стюардессой. Нежной, мечтательной, привлекательной Улболсын нравилось работать там, где носили профессиональную форму. Можно считать, что ее мечта исполнилась – она носит белый халат. К тому же, перед глазами до сих пор образ Сара апай в белоснежном накрахмаленном халате, которая была ее кумиром. Оглянувшись назад, видит, что в системе здравоохранения проработала ни много, ни мало 35 лет. Казалось бы, только вчера ... Но, нет... ! Дадим слово самой Улболсын.

- **Работает ли в медицине кто-то еще из вашей семьи? Кем были ваши родители?**

- Родом мы из совхоза Бегалинский Хобдинского района (Актюбинской области). Я второй ребенок из семи детей. Отец учитель. Мама посвятила себя детям и домашнему хозяйству. Среди моих братьев и сестер брат Орынгали и невестка Гульбахыт - врачи.

- **Где Вы начинали свой трудовой путь?**

- После окончания Актюбинского медицинского училища начала работать в Областной детской больнице





по своей специальности. Проработав 7 лет перевелась в Актюбинский противотуберкулезный диспансер, где работаю и по сей день. Работая в детской больнице каждый день проходила мимо диспансера. Как-то решила зайти и спросить работу. Первый человек, которого я встретила, оказалась старшей медсестрой. Она сказала, что скоро освобождается место медсестры в детском отделении. Так я случайно оказалась в новом месте.

- **Наверное, трудно работать с детьми?**

- С детьми работать очень интересно, не замечаешь как пролетает время. Детские характеры, детская психология требуют индивидуального подхода: к одному надо с лаской подходить, к другому – поостороже, с третьим откровенничать, одним словом, с детьми надо подружиться. Надо доверять им и научить их доверию.

- **Вам, наверное, легче находить общий язык с детьми, поскольку по своей внешности вы похожи и на русскую, и на казашку, и на татарку.** Каждый ребенок, наверное, видит в Вас «свою»?

- Со своей «интернациональной» внешностью я сама путаю детей. Но меня дети никогда «не чурались». Когда работала в детской больнице, водила детей в физкабинет. Меня спрашивали: «Всех своих цыплят привела?».

- **В подростковом отделении Областного противотуберкулезного диспансера работаете много лет. Мы знаем, что с подростками работать нелегко...**

- Ребенок он есть ребенок. В любой сфере с ними нелегко работать. Я всегда старалась их понять и подружиться с ними. Это правда, что и дети воспитывают взрослых. Иногда чему-то учимся у них. Порой все силы и весь твой опыт уходят на то, чтобы заслужить их доверие. Когда находишь «общий язык» с детьми, взаимопонимание, то и лечение бывает эффективным. Говорят, что у наших детей психология сложная. Но это не так. Просто с первых дней надо объяснить и все время внушать, что это излечимая болезнь, что к процессу лечения надо относиться серьезно и с терпением.



Г. Ильясова, Актюбе

## МОЙ ПУТЬ...

Первое, что услышала Кульпан, придя в детское отделение, был хоровой детский плач. Причем плакали они как под палочку дирижера – одни начинали, другие переставали, и так – по очереди. Это сейчас детский шум для Кульпан Маграповны звучит как акапелла. А тогда, растерянная Кульпан не знала что делать: то ли плакать, то ли смеяться. Были сомнения: «А смогу ли работать с детьми?», хотя ей и выбора-то не давали... Произошли реформы в системе здравоохранения, больницу, где Кульпан проработала всего год, закрыли; до пенсии еще долго, придется учиться и осваивать в новом отделе работу. По рекомендации руководства была направлена в детское отделение районной больницы.



Одного приласкает, другого успокоит, третьего побалуует – за этим делом Кульпан сама не заметила как прикипела к работе. Она и дома с улыбкой вспоминала повадки детей, их речь, детский лепет, давала маленьким уменьшительно-ласкательные имена. В свою очередь и дети отвечали ей тем же, ждали в коридоре свою медсестру, встречали на «ура!».

Старшая медсестра соматического отделения Алгинской районной больницы Кульпан Жубатырова не раз благодарит судьбу, что выбрала профессию медсестры. Ее до сих пор невольно тянет в детское отделение. Улучив минутку свободного времени среди плотного рабочего дня, она умудряется сходить в "свое" отделение к детям, устроить себе перерыв, наслаждаясь детским гомоном. Среди детей она забывает свою усталость, «ангелочки», как она их называет, придают ей сил и заряд бодрости. Сама из многодетной семьи Кульпан по-особенному близка к детям. Третий ребенок многодетной уважаемой семьи, Кульпан не далеко уехала от родного дома. Окончив филиал Актюбинского медицинского училища, что возле дома, Кульпан пришла работать в хирургическое отделение Алгинской районной больницы. Клара Данияровна Серикбаева, которая в то время заведовала аптекой, советовала:

«Хочешь чему-то научиться – иди в хирургию!». К тому же сама за руку привела Кульпан к заведующему отделением, тезке своего отца, со словами: «Отец, я тебе шустрю девочку привела!». Умудренная опытом, Клара Данияровна была права – именно здесь Кульпан научилась многому.



*Г. Ильясова, Актюбинская область, Алгинский район*

## БАЛА ЖАНЫНЫҢ БАҒБАНЫ



2015 жыл ол үшін табысты өтті, мамандығы бойынша жоғары санатты мейірбике атанды. Айнагүл қашан да өзіне сенімді, ойланып-толғанып, ырғалып-жырғалып көп жүрмейді. Ішкі ерік-жігердің молдығынан да шығар, аз-кем ой-пікірін түйіндеп, шешімді шұғыл қабылдайды. Бұл жолы да дәл солай. Екінші санатты сәтті қорғап шыққандығы көңілге медеу. Ендігі кезек бірінші сатыны аттап өтіп, жоғары дәрежеге қол жеткізу. Осы ойға мықтап бекінген Айнагүл Балымова екі айда тиісті «бірліктерін» түгендеп, құжаттарын дайындап өткізген соң, алғашқы сынақшылармен бірге емтиханға да батыл кірді. Қойған мақсатына жетіп, жоғары санатты табысты қорғап шығатынына бек сенді. Бұл- Ақтөбе қалалық балалар стоматологиясының хирургия бөлімінің жоғары санатты мейірбикесі Айнагүл Балымова жайында бір үзік сыр.

**- Айнагүл, еңбек өтіліңіз де біраз екен, ең алғашқы пациентіңіз есіңізде ме?**

- Бұл есімде жоқ та, бірақ, ең бірінші түнгі кезекшілігімді еш уақытта ұмытпайтын шығармын. Себебі, кешкі сағат 6-дан таңғы 8-ге дейін көз ілместен кезекшілік атқарғанмын. Арасында ас-ауқат ішкенде болмаса бір орында тапжылмастан, әріптес апайларымның

«шамалы көз шырымын ал, біздермен кезектесіп» деген сөздерін естісем де кірпігім айқаспады. Бәлкім, жаз маусымы, түрлі жұқпалы аурулардың өршітін маусымы болған соң ба, әлде, жауапкершілік сезімді ерекше қабылдадым ба, әйтеуір, постта отырып таңды атырдым. Арасында қайта-қайта барып балалардың қызуын тексеріп тұрдым.

*І.Тәжігулова, Ақтөбе қаласы*

## SUMMARY THE WINNER OF CHILDREN'S HEARTS

2015 for her was saturated in the professional plan. She received the highest category. She is always self-assured; she doesn't like to think long, always makes fast and correct decisions. And this time, she having protected the 2nd category,





she set the goal - at once to go on the highest. Having collected the necessary documents, having gathered the necessary quantity of units, she had submitted at once on the "highest". This discourse is about Aynagul Balymova - the nurse of the highest category of the surgical department of Aktobe children's stomatology.

Having graduated from medical school, Aynagul began to work in 1989 in the regional hospital of Kandagash. She worked as the local nurse in children's department, then as the charge nurse. At the same time she accumulated experience in departments of therapy and a heart surgery, she understood specifics of work of each department. She married later and continued work in the Aktobe regional children's hospital where as future mother, accumulated practical experience, she understood children's psychology more deeply.

*I. Tazhigulova, Aktobe city*

## ТОЛҚЫНДА ТУҒАН ТОЛҚЫН

Педучилищеге құжат тапсырайын деп Ақтөбеге келген Толқын оны таба алмады, сұрайын десе бәрі орысша сөйлейді. Бұйығы ауыл қызы батылы жетіп ешкімнен жөн сұрай алмай қиналды. Сөйтіп, ауылдан бірге келген қыздар Ақтөбе медициналық училищесіне құжаттарын тапсырғанда ештеңе ойланбастан бұл да өткізе салды. Математика мен орыс тілінен өткен сынақтан сүрінбей өтіп, фельдшерлік бөлімге түсті де кетті. Ал, мейірбике болуды армандап келген қыздар емтиханнан «кұлап» ауылдарына қайтты?! Міне, Жиренкопа (Ақтөбе облысы, Қобда ауданы) отбасылық амбулаториясының мейірбикесі Толқын Ермұханова медицина саласына осылай кездейсоқ тап болды. Көктем шығып, сай-сала суға толып, еріген қар суымен өзен-көлдер арнасынан асып-тасқан шақта дүниеге келген үшінші перзентін әке-шешесі «Толқын» деп атады.



Толқынның бала кезіндегі ұяңдығы оның өмір жолын анықтауға да ықпал еткендей. Ұзақ жылдар сауда саласында еңбек еткен, халықпен қоян-қолтық жұмыс жасаған әкесі осы қызының мейірбике болғанын қалады. Ал, Толқын мұғалім болғысы келіп, «апай» болуды іштей армандап жүрген. Әсіресе, физиканы ерекше сүйіп оқитын, оның қызық та қиын формулалармен берілетін есептерін құныға шығаратын. Алайда, «әке балаға сыншы» дегендей, әкесі Рамазан «қызым, сен тым жуассың, мұғалім болу үшін мінез керек»-деп Ақтөбедегі медучилищеде оқуға кеңес берді. Және сегізінші кластан соң қалаға да өзі шығарып салды. Өзі шынжау, өзі момақан Толқынды осылайша ширатпаса болмайтын да еді.

*I. Алмас,*

*Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Жиренкопа ауылы*

## SUMMARY BORN ON THE WAVES

Tolkyn dreamed to become a teacher from her childhood. She especially loved physics assiduously to solve problems, deriving formulas. But her father knowing a timid, gentle nature of his daughter advised to enter the medical school. He believed that to be a teacher it's necessary to have strict, strong character. The third child in the family, she was born in the spring, in a year when there was a special flood when the river and water overflows its banks and filled with melting snow and that's why her parents gave her name Tolkyn, which translates as "Wave".

*I. Almas*

*Aktobe region, Khobda district, Zhirenkopa village*

## ҚҰРМЕТТІ ӘРІШТЕСТЕР, ОҚЫРМАНДАР, ӨНЕР ӨКІЛДЕРІ!

«Ақжелең» журналының шығармашылық ұжымы «Мейірбикелердің ән-ұран» байқауын жариялайды. Бұл ән-жыр жарысы кәсіби медициналық, тәжірибелік және әдеби «Ақжелең» басылымының 1-жылдығына орай ұйымдастырылып отыр. Журналдың ресми таныстырылымы 2016 жылы мамыр айында республикалық деңгейде ұйымдастырылады деп күтілуде.

Ұсыныстар 2016 жылдың 5-қаңтарынан бастап қабылданады. Ән-ұранға төмендегідей талаптар қойылады:

1. Ән-ұран мәтінінде мейірбикелердің халық денсаулығы күзетіндегі еңбегі,
2. Мейірбикелердің денсаулық сақтау саласын дамытудағы үлесі,
3. Мейірбикелердің қоғамдық белсенді жұмысы,
4. Мейірбикелердің тәлімгерлігі,
5. Мейірбикелердің өнегелі бейнесі

көркем де кестелі, оралымды, үйлесімді жыр жолдарымен өріліп, жүрекке жағымды, көңілге қонымды әсем әуенмен әрленгені жөн.

Редакция ұжымы ән-ұран мәтініне де, ән-ұран әуеніне де байқау жариялайды. Ұсыныстарды кәсіби мамандар бағалайды.

Байқауға барлық үміткерлер қатыса алады, олардың жасына, мамандығына шектеу жоқ.

Байқау 3 кезеңнен тұрады:

Іріктеу кезеңі (қаңтар-ақпан, 2016жыл)

Бекіту кезеңі (наурыз-сәуір, 2016 жыл)

Тұсау кесер (12- мамыр, 2016 жыл «Ақжелең» журналының ресми таныстырылымы және мейірбикелердің кәсіби мерекесіне арналған салтанатты жиын.)

Ән-ұран мәтінін, нотасын (музыкалық сауатты үміткерлер үшін ) және әннің ұнтаспасын (сөзі әнімен қосылып жазылған) төмендегі мекен-жайға тапсыруға болады:

Ақтөбе қаласы,

Шернияз көшесі 18 үй, тел:87132-906732, 87766446138

E-mail: info@akzhelen.kz

